**Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығы мерейтойын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 желтоқсандағы N 1749

Қазақ жерінде мұнай-газ өнеркәсібі дамуының бастамасы болған, егемен Қазақстан экономикасының негізі болып табылатын бірінші мұнайдың ашылуына 1999 жылы 100 жыл толуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мерейтой - Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығы 1999 жылдың 5 қыркүйегі атап өтілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.02.12. N 120 қаулысымен. P990120_

2. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы ұсынған Қазақстан

мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығына арналған негізгі шаралар мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

3. Мерейтой - Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комиссиясы қосымшаға сәйкес құрамда бекітілсін.

4. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясының мерейтой шараларын Қазақстан аумағында мұнай операцияларымен айналысатын кәсіпорындардың ерікті жарналарының есебінен қаржыландыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1749 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығына
арналған негізгі шаралар

| рет N | Шаралар | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауапты адамдар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстанның 2 томдық мұнай энциклопедиясын шығару | 1999 жылдың 1 маусымына дейін | Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК |
| 2 | "Қазақстан мұнайына 100 жыл" деген жалпы атаумен бейнероликтер түсіру | 1999 жылдың наурыз-шілдесі | бұл да сол |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | Қарашұңғыл N 7 тұңғыш мұнай скважинасының орнында рәміздік белгіні орнату мен салтанатты түрде ашуды ұйымдастыру | 1999 жылдың 4 қыркүйегіне дейін | Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК |
| 6 | | | |
| 7 | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Мұнай-газ өнеркәсібін дамытуда ерекше көзге түскен: * зейнеткер-өндіріс ардагерлерін - 100 адам; * зейнеткер мемлекеттік қызмет. шілерді - 75 адам; * еңбек озаттарын - 325 адам - Қазақстан Республикасының ордендерімен және медальдарымен марапаттауға ұсыну | 1999 жылдың 1 маусымына дейін | Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК |
| 9 | Мұнайшы күні қарсаңында еңбек ұжымдары мен облыстарда салтанатты жиналыстар өткізуді тапсыру | | Ұйымдастыру комиссиясы, облыстардың, қалалардың, аудандардың әкімдері |
| 10 | Астана қаласында салтанатты жиналыс, жиналыс қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын ұйымдастыру | 1999 жылдың 3 қыркүйегі | Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК |
| 11 | Атырау қаласында "Қазақстан мұнайына - 100 жыл. Каспий маңы мемлекеттері XXI ғасырда" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастыру | 1999 жылдың 5 қыркүйегі | Ұйымдастыру комиссиясы, "Қазақойл" ҰМК |
| 12 | Үкімет делегацияларының қатысуымен Атырау қаласында | 1999 жылдың 5 қыркүйегі | Ұйымдастыру комиссиясы, |

| Қазақстан мұнайының 100 | |"Қазақойл"
| жылдығына арналған салтанат | | ҰМК
| ұйымдастыру | |
_____|____________________________________|___________|________________

ЕСКЕРТУ. 10,11,12-жолдармен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1999.02.12. N 120 қаулысымен.

P990120_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1749 қаулысына
қосымша

Мерейтой - Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының құрамы

| | |
|---|---|
| Жандосов Ораз Әлиұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға |
| Кешубаев Ғ.Қ. | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министр Кеңсесі Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары |

Ұйымдастыру комиссиясының мүшелері:

Әблязов М.Қ. - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі

Үпішев Е.Е. - Мұнай тасымалдау жөніндегі "ҚазТрансОйл" ұлттық компаниясының президенті

Қаппаров Н.Д. - "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті

Сағдиев М.Р. - Қазақстан Республикасы Ардагерлерінің Орталық кеңесінің төрағасы

Жақыпов Қ.Қ. - Батыс Қазақстан облысының әкімі

Мусин А.Е. - Ақтөбе облысының әкімі

Сапарбаев Б.М. - Қызылорда облысының әкімі

Жақиянов Ғ.Б. - Павлодар облысының әкімі

Абдуллаев Қ.А. - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Жақсыбеков Әділбек - Астана қаласының әкімі

Рыскелдіұлы

Тасмағамбетов - Атырау облысының әкімі

Иманғали Нұрғалиұлы

Қиынов Ләззат - Маңғыстау облысының әкімі;

Кеттебайұлы

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.09.28. N 959 қаулысымен.

P980959_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.07.09. N 947 қаулысымен.

P990947_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК